

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қолданысқа енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 252 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Кодексімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 23.11.2015 № 414-V Кодексімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1-бап . Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі , 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 122-бабының 2-тармағын, 204-бабын , 239-бабының 1-тармағын, 276-бабы 5-тармағының 5) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

2-бап . Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қолданысқа енгізілген кезден бастап Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Ұжымдық шарттар туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 442-құжат);

2) "Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы" 1996 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 264-құжат);

3) "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 24, 149-құжат; 2005 ж., N 24, 121-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат);

4) "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1069-құжат);

5) "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 409-құжат);

6) "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" 2004 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 3-4, 17-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; N 15, 92-құжат);

7) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Ұжымдық шарттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 423-құжат).

3-бап . Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келтірілуге тиіс .

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келтірілгенге дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті